

Америка Құрама Штаттарының экс-президенті Уильям Джефферсон Клинтонның Қазақстан Республикасына сапарын дайындау және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2005 жылғы 5 қыркүйектегі N 243-ө
Өкімі

Қазақстан Республикасы мен Америка Құрама Штаттары арасындағы екі жақты ынтымақтастықты нығайту және Америка Құрама Штаттары экс-президентінің сапарын дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Америка Құрама Штаттарының экс-президенті Уильям Джефферсон Клинтонның Қазақстан Республикасына сапарын (бұдан әрі - сапар) дайындау және 2005 жылғы 6-7 қыркүйекте Алматы қаласында өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы (келісім бойынша): қосымшаға сәйкес Америка Құрама Штаттарының экс-президенті Уильям Джефферсон Клинтонмен бірге жүретін делегация мүшелеріне (бұдан әрі - делегация мүшелері) қызмет көрсету жөнінде ұйымдастыру шараларын қабылдасын;

2005 жылға арналған республикалық бюджетте "Мемлекет басшысының, Премьер-Министрдің және мемлекеттік органдардың басқа да лауазымды тұлғаларының қызметін қамтамасыз ету" және "Азаматтардың жекелеген санаттарына медициналық көмек көрсету" бюджеттік бағдарламалары бойынша көзделген қаражат есебінен сапарды Алматы қаласында өткізуге арналған шығыстарды қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша) делегация мүшелерінің әуежайда тұратын және болатын орындарында қауіпсіздігін, жүретін бағыттары бойынша бірге жүруді, сондай-ақ арнайы ұшақты күзетуді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі белгіленген
т ә р т і п п е н :

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігімен және Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп, Америка Құрама Штаттарының экс-президенті Уильям Джефферсон Клинтонның арнайы ұшағының Қазақстан Республикасы аумағының

Америка Құрама Штаттарының экс-президенті Уильям Джефферсон Клинтонның сапарының құрметіне Алматы қаласында ресми қабылдауды ұйымдастыру.

7. Делегация мүшелеріне және бірге жүретін адамдарға медициналық қызмет көрсету.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК